

## **Қылмыстық сот төрелігінің жүйесінде балалардың мүдделеріндегі іс-әрекеттерге қатысты жетекшілік принциптер (Веналық жетекшілік принциптер)**

БҰҰ Экономикалық және Әлеуметтік Кеңесінің 1997/30 қарарымен қабылданды

1. Осы Қылмыстық сот төрелігінің жүйесінде балалардың мүдделеріндегі іс-әрекеттерге қатысты жетекшілік принциптер Австрия үкіметінің қаржылық қолдауында 1997 жылғы ақпанның 23-25 аралығында Венада өткен кәмелетке толмағандарға қатысты сот төрелігін іске асыру кезінде халықаралық стандарттар мен нормаларды тиімді пайдалану мен қолдануды көтермелеу мақсатында іс-әрекет бағдарламаларын әзірлеу бойынша сарапшылар тобының кеңесінде Экономикалық және Әлеуметтік Кеңестің 1996 жылғы 23 шілдедегі 1996/13 қарарына сәйкес дайындалды. Іс-әрекеттерге қатысты жетекшілік принциптерді әзірлеу кезінде сарапшылар үкіметтермен айтылған пікірлерді және олармен ұсынылған ақпаратты е с к е р д і .

2. Кеңес жұмысына әртүрлі өңірге жататын 11 мемлекеттен 29 сарапшы, Хатшылықтың Адам құқықтары жөніндегі орталығының, Біріккен Ұлттар Ұйымы Балалар қорының және Балалар құқықтары жөніндегі комитеттің өкілдері, сондай-ақ кәмелетке толмағандарға қатысты сот төрелігінің мәселелерімен айналысатын үкіметтік емес ұйымдардан бақылаушылар қатысты.

3. Іс-әрекеттерге қатысты жетекшілік принциптер осы Конвенцияны жүзеге асыруға қатысты - Бас хатшы және тиісті мекемелер және Біріккен Ұлттар Ұйымының бағдарламалары, баланың құқықтары туралы Конвенцияның қатысушы мемлекеттері – осы Конвенцияны жүзеге асыруға қатысты, сондай-ақ қатысушы мемлекеттер кәмелетке толмағандарға қатысты сот төрелігін іске асыруға қатысты, Біріккен Ұлттар Ұйымының Ең төмен стандарттық ережелерді (Пекиндік ережелер) пайдалану мен қолдануға қатысты, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмысты ескерту үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының Жетекшілік принциптерін (Эр-Риядтық жетекшілік принциптер) және одан әрі мәтінде «кәмелетке толмағандарға қатысты сот төрелігі саласында Біріккен Ұлттар Ұйымының стандарттары мен нормалары» деген жалпы атаумен ескерілетін бас бостандығынан айырылған кәмелетке толмағандарды қорғауға қатысты Біріккен Ұлттар Ұйымының Ережелерін пайдалануға арналған.

## **I. МАҚСАТТАР, МІНДЕТТЕР ЖӘНЕ НЕГІЗГІ ТҮСІНІКТЕР**

4. Іс-әрекеттерге қатысты Жетекшілік принциптердің мақсаты келесі міндеттерді орындау үшін шеңберлер құрудан тұрады:

а) Баланың құқықтары туралы Конвенцияны орындау және Конвенцияда

белгіленген мақсаттарға қол жеткізу кәмелетке толмағандарға қатысты сот төрелігін іске асыру, сондай-ақ Біріккен Ұлттар Ұйымының кәмелетке толмағандарға қатысты сот төрелігі саласындағы стандарттар мен нормаларды пайдалану және қолдану және Қылмыс құрбандары үшін сот төрелігі және билігін асыра пайдаланудың негізгі принциптерінің Декларациясы сияқты осы мәселелерге байланысты басқа да құжаттардың мәнмәтінінде балаларға сәйкес;

б) Конвенцияны және оған байланысты құжаттарды тиімді орындау мақсатында қатысушы мемлекеттерге көмек көрсетуге жәрдемдесу.

5. Іс-әрекеттерге қатысты Жетекшілік принциптерді тиімді орындауды қамтамасыз етуде үкіметтер, Біріккен Ұлттар Ұйымы жүйесінің тиісті мекемелері, үкіметтік емес ұйымдар, кәсіптік бірлестіктер, бұқаралық ақпарат құралдары, академиялық мекемелер, балалар және басқа да азаматтық қоғамның мүшелері арасындағы ынтымақтастықты жетілдіру маңызды рөл ойнайды.

6. Іс-әрекеттерге қатысты Жетекшілік принциптер Конвенцияны орындаудағы жауапкершілігі сөзсіз қатысушы мемлекеттерге жататын принциптен алынады.

7. Іс-әрекеттерге қатысты жетекшілік принциптерді пайдалану Баланың құқықтары жөніндегі комитеттің ұсынымдарына негізделу керек.

8. Іс-әрекеттерге қатысты Жетекшілік принциптерді халықаралық та ұлттық та деңгейде пайдалану кезінде мына төмендегілерді назарға алу керек:

а) Конвенцияның негізінде жатқан төрт жалпы принциптерге сәйкес адам қадыр қасиетін құрметту, атап айтқанда: жыныстық ерекшеліктерін есепке алуды қоса алғанда кемсітпеушілік; баланың ең жақсы мүдделерін қорғау; өмір құқығы; өмір сүру және саламатты даму; баланың көзқарасын құрметтеу;

б) құқықтар негізінде бағдарлану;

с) ресурстар мен күштерді барынша көп пайдалану арқылы орындауға қойылатын біртұтас тәсілдеме;

д) тәртіпаралық негізде қызметтерді біріктіру;

е) балалар мен қоғамның мүдделі секторларының қатысуы;

ф) даму процесі арқылы серіктестіктерге қажет мүмкіндіктер құру;

г) сыртқы органдардың тұрақты байланыссыз орнықты сипаты;

h) тең қолдану және ерекше мұқтаждылар үшін қолжетімділік;

і) есептілік және операциялардың ашықтығы;

j) тиімді алдын алу және түзету шаралар негізінде ескерту іс-әрекеттері.

9. Барлық деңгейлерде (халықаралық, өңірлік, ұлттық, облыстық және жергілікті) және тиісті серіктестіктермен, оның ішінде үкіметтермен, Біріккен Ұлттар Ұйымы жүйесінің мекемелерімен, ұлттық үкіметтік емес ұйымдармен, кәсіптік бірлестіктермен, бұқаралық ақпарат құралдарымен, академиялық мекемелермен, балалармен және басқа да азаматтық қоғам мүшелерімен, сондай-ақ өзге де серіктестіктермен тиімді

қолданылатын тиісті ресурстар (адами, ұйымдық, техникалық, қаржылық және ақпараттық) бөліну керек.

## **II. БАЛАНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ КОНВЕНЦИЯНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БОЙЫНША ЖОСПАРЛАР, ОНЫҢ МАҚСАТТАРЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ЖӘНЕ КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРҒА ҚАТЫСТЫ СОТ ТӨРЕЛІГІ САЛАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАР МЕН НОРМАЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ҚОЛДАУ**

### **A. Жалпы қолдану шаралары**

10. Баланың барлық құқықтарының өзара байланыстылығын және ажырамастығын құрметтеу кезінде кәмелетке толмағандарға қатысты сот төрелігі саласындағы тегіс қамти алатын және жүйелі ұлттық тәсілдеменің маңыздылығы танылу керек.

11. Саясатқа, шешім қабылдау процестеріне, басшылық және реформа мәселелеріне қатысты және мына төмендегілерді қамтамасыз ету үшін бағытталған шараларды қ а б ы л д а у к е р е к :

а) ұлттық және жергілікті заңнамалық саясат пен тәжірибеде, атап айтқанда, баланың құқықтарына кепілдік беретін, балалардың құқықтарын бұзуға жол бермейтін, баланың сезімін, адамгершілігі мен өзін-өзі құрметтеуді тәрбиелеуге жәрдемдесетін және балалардың жасын, олардың даму деңгейін және қоғам өміріне тиімді қатысу және осы өмірге үлесін қосу құқығын толықтай назарға алатын кәмелетке толмағандарға қатысты балалардың мүдделерін қорғауға бағытталған сот төрелігінің жүйесін құру жолымен Баланың құқықтары туралы **Конвенцияның** принциптері мен ережелерін және Біріккен Ұлттар Ұйымының кәмелетке толмағандарға қатысты сот төрелігі саласындағы стандарттар мен нормаларды толық көлемде көрсету;

б) балаларды түсінетін тілінде жоғарыда айтылып кеткен құжаттардың тиісті ережелерімен кең түрде таныстыру. Бұдан басқа, әрбір балаға осы құжаттарда белгіленген, оның құқықтары туралы тиісті берілуін, ең болмағанда қылмыстық сот төрелігінің жүйесімен бірінші рет байланысқа түскен сәтінен бастап, ол заңға бағынатындығы туралы ескертілгенін қамтамасыз ету үшін процедуралар белгілену к е р е к ;

с) Біріккен Ұлттар Ұйымының кәмелетке толмағандарға қатысты сот төрелігі саласындағы стандарттар мен нормаларға сәйкес баланың мүдделеріне назар аударылатын сот төрелігінің рухын, мақсаттары мен принциптерін қамтамасыз ету мақсатында қоғамда және бұқаралық ақпарат құралдарында жұмыстар атқару.

### **B. Нақты мақсаттары**

12. Мемлекеттерге бала тууды тіркеу бағдарламаларының тиімділігін қамтамасыз ету керек. Сот төрелігінің жүйесі алдында тұрған баланың жасы белгісіз болған жағдайда баланың жалған жасы тәуелсіз және объективті бағалау көмегімен белгіленуін қамтамасыз ету үшін шара қолдану керек.

13. Ұлттық заңнамада белгіленген қылмыстық жауапкершілікке келу жасына, азаматтық кәмелетке толу жасына және жыныстық қатынаста бола алатын жасына қарамастан мемлекет балаларға халықаралық құқықпен кепілденген барлық құқықтарды, әсіресе, аталған мән-мәтінде, Конвенцияның 3, 37 және 40-баптарында белгіленген құқықтардың пайдалануын қамтамасыз ету керек.

14. Мына төмендегі мәселелерге ерекше көңіл болу керек:

a) балалардың мүдделерін кешенді түрде есепке алатын кәмелетке толмағандардың істері бойынша іс-жүргізу нормалары қабылдану керек;

b) сарапшылардың тәуелсіз топтары немесе өзге де топтар кәмелетке толмағандарға қатысты сот төрелігі саласында бар заңнаманың және заң жобаларының шолуын жүргізу және балалар үшін осы нормалардың салдарын қарастыру керек;

c) қылмыстық жауапкершілікке жасы толмаған баланың бір де біріне қылмыстық а й ы п т а ғ ы л м а у к е р е к ;

d) мемлекеттерге негізінде кәмелетке толмағандардың заң иелігіне ие, қылмыстық актілер жасаған кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі соттар құру және балалардың ерекше мұқтаждығын ескеретін арнайы процедураларды әзірлеу керек. Балама ретінде кәдімгі соттар қажет болғанда осы процедураларды қолдану керек. Қажет жағдайда кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі соттан басқа сот алдында тұрған жағдайларында баланың барлық құқықтары мен қорғауды Конвенцияның 3, 37 және 40-баптарына сәйкес қамтамасыз ету мақсатында ұлттық заңнамалық және өзге де шаралар қабылдауды қарастыру керек.

15. Қолданыстағы процедуралардың шолуы жүргізілу керек және мүмкін болған жерде, бастамалар әзірлену керек – мысалы, қылмыстық нормаларды қолданудың жүйесі шеңберінен шығару – және қандай да бір құқық бұзушылық жасады деп күдік келтірілген жастарға қарай қылмыстық сот төрелігінің жүйесін пайдаланудан құтылуға бағытталған басқа да балама бастамалар. Рецидивизмді болдырмау және әлеуметтік оңалтуға жәрдемдесу үшін қамауға дейінгі, сотқа дейінгі, сот кезі және соттан кейінгі сатыларда балама және тәрбиелік шаралардың кең ауқымын мемлекеттің барлық аумағында қолдану мүмкіндігін қарастыратын тиісті қадамдар қамдану керек. Орынды болған жерде, құқық бұзушы балаға байланысты істердегі жанжалдарды шешу үшін бейресми тетіктерді, оның ішінде залалды өтеу арқылы делдалдықты және әділдікті қалпына келтіру тәжірибесін, атап айтқанда құрбандардың қатысуын қарастыратын процестер шеңберінде пайдалану керек. Құқық бұзушы баланың отбасында көрсетілетін жағымды ықпалы шамасында ол қабылданатын әртүрлі шараларды жүзеге асыруға қатысуға тартылу керек. Мемлекеттерге Конвенцияның балама шараларына

және Біріккен Ұлттар Ұйымының кәмелетке толмағандарға қатысты сот төрелігі саласындағы стандарттар мен нормаларды, сондай-ақ мұндай шараларды қолдану кезінде тиісті процессуалдық нормаларды сақтауға және ең төмен араласу принципін сақтауға ерекше көңіл бөле отырып түрмеге жабуға байланысты емес шараларға қатысты Біріккен Ұлттар Ұйымының Ең төмен стандарттық ережелері (Токио ережелері) сияқты қылмысты ескерту және қылмыстық сот төрелігі саласында басқа да бар стандарттар мен нормалардың сәйкестігін қамтамасыз ету керек.

16. Балаларға заңи және басқа да көмек ұсыну бойынша, мысалы аудармашы қызметін – ақысыз негізде, егер ол қажет болса, және әсіресе, тәжірибеде ұстау сәтінде мұндай көмекке қол жеткізуге әрбір баланың құқығын сақтауды қамтамасыз ету бойынша мекемелер мен бағдарламалар құруға басымды көңіл бөлу керек.

17. Арнаулы қорғау шаралары қажет балалардың, мысалы көшеде жұмыс істейтін немесе тұратын балалардың немесе отбасынан айырылған балалардың, мүгедек-балалардың және азушылыққа немесе көші-қон және байырғы тұрғын топтарына жататын балалардың және басқа да осалдау топтар балаларының проблемаларын шешуге бағытталған тиісті шараларды қамтамасыз ету керек.

18. Балаларды жабық мекемелерге жіберу жағдайларын қысқарту керек. Мұндай мекемелерге балаларды жіберу Конвенцияның 37-бабының (b) ережелеріне сәйкес және тек төтенше шара ретінде және уақыттың тым қысқа кезеңі ішінде жүзеге асырылу тиіс. Кәмелетке толмағандарды сот төрелігі және әлеуметтік қамтамасыз ету жүйелерінде дене жазалауға тыйым салу керек.

19. Бас бостандығынан айырылған кәмелетке толмағандарды қорғауға қатысты Біріккен Ұлттар Ұйымының Ережелері және Конвенцияның (d) 37-бабы сондай-ақ бала қандай да бір сот, әкімшілік немесе өзге де мемлекеттік органның өкімі нәтижесінде өз қалауымен тастай алмайтын кез-келген мемлекеттік немесе жеке орындарға қолданылады.

20. Қамаудағы баланың және оның отбасы мен қауым арасындағы байланысты қолдау, сондай-ақ оны кейіннен әлеуметтік қайта бірігуін жеңілдету мақсатында баланың ең жақсы мүдделеріне жауап бермейтін жағдайларды қоспағанда балаға, бас бостандығынан айырылған балаларды ұстайтын мекемелерге заңдық мүддесін білдіретін туған-туысқандарына және басқа да адамдарға кедергісіз рұқсатты қамтамасыз ету маңызды.

21. Қажет болса, қамау орындарында ұстау және мерзімді баяндамалар беру шарттарын бақылау үшін тәуелсіз орган құру керек. Кәмелетке толмағандарға қатысты сот төрелігі саласындағы Біріккен Ұлттар Ұйымының стандарттары мен нормалары шеңберінде, атап айтқанда, бас бостандығынан айырылған кәмелетке толмағандарды қорғауға қатысты Біріккен Ұлттар Ұйымының Ережелерін есепке ала отырып бақылауды жүзеге асыру керек. Мемлекеттерге Балалардың еркін және құпия қатынасы үшін бақылаушы органдармен рұқсат тәртібін орнату керек.

22. Мемлекеттерге тиісті гуманитарлық ұйымдардың, адам құқықтары мәселелерімен айналысатын ұйымдардың және басқа да ұйымдардың орынды болған жерде қамау жерлерге кіру рұқсатына қатысты өтінімдерін тілектестікпен қарау керек.

23. Балаларға сәйкес қылмыстық сот төрелігі жүйесінде үкіметаралық және үкіметтік емес ұйымдармен және басқа да мүдделі тараптармен айтылған, атап айтқанда, түзету мекемелердегі ақталмаған үй-жайлар және бас бостандығынан айырылған кәмелетке толмағандарға теріс әсер көрсететін ұзақ кідірулер жағдайларын қоса алғанда, жүйелі мәселелерге қатысты мазасыздықты тиісті түрде есепке алу керек.

24. Қылмыстық сот төрелігі жүйесіндегі балалармен байланысқа түсетін немесе тиісті қызмет атқаратын барлық адамдар даярлау бағдарламасының ажырамас құрама бөлігі ретінде адам құқықтары, Конвенцияның принциптері мен ережелері және кәмелетке толмағандарға қатысты сот төрелігі саласында Біріккен Ұлттар Ұйымының басқа да стандарттары мен нормалары мәселелері бойынша білім алып даярлаудан өтулері керек. Мұндай адамдардың санына полиция қызметкерлері және басқа да құқық қорғау органдары: судьялар мен магистранттар, прокурорлар, адвокаттар және әкімшілер; түрме қызметшілері және бас бостандығынан айырылған балаларды ұстайтын мекемелерде жұмыс істейтін басқа да кәсіптік қызметкерлер; денсаулық сақтау жүйесінің қызметкерлері, әлеуметтік қызметкерлер, дүние жүзін қолдау жөніндегі қарулы күш қызметкерлері және кәмелетке толмағандарға қатысты мәселелермен айналысатын басқа да кәсіптік қызметкерлер жатады.

25. Бар халықаралық стандарттарды есепке ала отырып мемлекеттерге лауазымды тұлғалар балалардың негіз болатын құқықтары мен бостандықтарын қасақана бұзу туралы кез-келген өтініштерін жедел, жете және әділ тексеруін қамтамасыз ету үшін тетіктер құру керек. Мемлекеттерге сондай-ақ мұндай бұзушылықтарда кінәлі болып табылатын адамдарға қатысты жазалау шараларын қолдануды қамтамасыз ету керек.

### **С. Халықаралық деңгейде қабылданатын шаралар**

26. Кәмелетке толмағандарға қатысты сот төрелігінің мәселелеріне халықаралық, өңірлік және ұлттық деңгейлерде, оның ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымының жалпы жүйелі іс-әрекеттері шеңберінде тиісті көңіл бөліну керек.

27. Осы салада жұмыс істейтін барлық органдар арасындағы, атап айтқанда Қылмысты ескерту және қылмыстық сот төрелігі жөніндегі бөлім, Біріккен Ұлттар Ұйымы Жоғары комиссарының Адам құқықтары жөніндегі басқармасы/Адам құқықтары жөніндегі орталық, Біріккен Ұлттар Ұйымы Жоғары комиссарының Қашқындар істері жөніндегі басқармасы, Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар қоры, Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы, Балалар құқықтары жөніндегі комитет, Халықаралық еңбек ұйымы, Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымы және Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы

арасындағы тығыз ынтымақтастықты дереу қамтамасыз ету қажет. Бұдан басқа, Дүниежүзілік банкке және басқа да халықаралық және өңірлік қаржы мекемелері мен ұйымдарына, сондай-ақ үкіметтік емес ұйымдар мен академиялық мекемелерге кәмелетке толмағандарға қатысты сот төрелігі саласында консультациялық қызметтер мен техникалық көмек беруге қолдау көрсетуді ұсыну керек. Сондықтан, атап айтқанда , ғылыми зерттеулерге, ақпараттар таратуға, кадрларды даярлауға, Қарарды жүзеге асыруға және оның жүзеге асырылуын бақылауға, қолданыстағы стандарттар мен нормаларды пайдалану мен қолдануға, сондай-ақ техникалық кеңес және көмек, мысалы кәмелетке толмағандарға қатысты сот төрелігінің мәселелері бойынша бар халықаралық желілерді пайдалану жолымен бағдарламаларын жүзеге асыруға қатысты ынтымақтастықты нығайту керек.

28. Баланың құқықтары туралы Конвенцияны тиімді жүзеге асыру, сондай-ақ қамаудағы балалардың адам құқықтарын қорғауға қатысты келесі аспектілерге ерекше көңіл бөле отырып техникалық ынтымақтастық және консультациялық қызметтер бағдарламалары арқылы халықаралық стандарттарды пайдалану мен қолдану, және мұндай құқықтардың іске асырылуына жәрдемдесу, кәмелетке толмағандарға қатысты сот төрелігінің жүйесімен басқаруды жетілдіру және құқық тәртібін нығайту қамтамасыз етілу керек:

- a) құқықтық реформаны өткізуге жәрдем;
- b) ұлттық әлеуеттерді және инфрақұрылымдарды нығайту;
- c) полиция қызметкерлері және басқа да құқық қорғау органдары, судьялар мен магистранттар, прокурорлар, адвокаттар, әкімшілер, түрме қызметшілері және бас бостандығынан айырылған балаларды ұстайтын мекемелерде жұмыс істейтін басқа да кәсіптік қызметкерлер; денсаулық сақтау жүйесінің қызметкерлері, әлеуметтік қызметкерлер, дүниежүзін қолдау жөніндегі қарулы күш қызметкерлері және кәмелетке толмағандарға қатысты мәселелермен айналысатын басқа да кәсіптік қызметкерлер үшін даярлау бағдарламалары;
- d) оқу анықтамаларын дайындау;
- e) кәмелетке толмағандарға қатысты сот төрелігі жүйесінде балаларды құқықтарымен таныстыру үшін ақпараттық және ағарту материалдарын дайындау;
- f) ақпараттық және жетекшілік жүйелерді әзірлеуге жәрдем.

29. Әлемді қолдау жөніндегі операциялар шеңберінде балалардың құқықтарын қорғау маңыздылығын, оның ішінде бейбітшілік орнату жағдайларында және жанжалды немесе басқа да ықтимал жағдайларда құрбандар және қылмысты орындаушылар ретінде балалар мен жастар проблемаларының маңыздылығын есепке ала отырып Қылмысты ескерту және қылмыстық сот төрелігі жөніндегі бөлім және Хатшылықтың әлемді қолдау жөніндегі операциялар Департаменті арасындағы тығыз ынтымақтастықты қолдау керек.

## **D. Консультациялық қызметтер және көмек көрсету жобаларын іске асыруға арналған тетіктер**

30. Конвенцияның 43, 44 және 45-баптарына сәйкес Баланың құқықтары жөніндегі комитет Конвенцияны жүзеге асыру туралы қатысушы мемлекеттердің баяндамасын қарайды. Конвенцияның 44-бабына сәйкес осы баяндамаларда Конвенция бойынша міндеттемелерді орындау дәрежесіне әсер ететін факторлар мен қиыншылықтар болған жағдайда көрсетілу керек.

31. Конвенцияға қатысушы мемлекеттерге алғашқы және мерзімді баяндамаларында Конвенцияның ережелерін жүзеге асыруға және кәмелетке толмағандарға қатысты сот төрелігі саласындағы Біріккен Ұлттар Ұйымының стандарттары мен нормаларын пайдалану мен қолдануға қатысты тегіс қамти алатын ақпаратты, деректер мен көрсеткіштерді ұсыну ұсынылды.

32. Конвенция бойынша өз міндеттемелерін орындауда қатысушы мемлекеттермен қол жеткізілген озықтықты қарау негізінде Баланың құқықтары жөніндегі комитет Конвенцияны толық сақтауды қамтамасыз ету мақсатында (Конвенцияның 45-бабына (d) сәйкес) жалпы сипаттағы ұсыныстар мен ұсынымдарды енгізе алады. Конвенцияны тиімді жүзеге асыруға жәрдемдесу және кәмелетке толмағандарға қатысты сот төрелігі саласында халықаралық ынтымақтастықты көтермелеу мақсатында Комитет мамандандырылған мекемелерге, Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар қорына және басқа да құзыретті органдарға консультациялық қызметтер немесе техникалық көмек туралы өтінім қамтылған немесе оған қажеттілігі, сондай-ақ осындай өтінімдерге немесе нұсқауларға қатысты (Конвенцияның 45-бабына (b) сәйкес), бар болса ескертулер мен ұсыныстары көрсетілген қатысушы мемлекеттердің кез-келген баяндамалары мақсатқа сәйкес деп санағанда жолдайды.

33. Қандай да бір қатысушы мемлекеттің баяндамасында кәмелетке толмағандарға қатысты сот төрелігі саласында реформалар өткізу қажеттілігі көрсетілсе, оның ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымының техникалық консультациясы мен көмек бағдарламаларына және мамандандырылған мекемелердің тиісті бағдарламаларына жәрдемдесу кезінде, Комитет мұндай қажеттілікті осы баяндаманы қарау процесінде айқындаса, бұл қатысушы мемлекет тиісті көмекті сұрата алады, оның ішінде Қылмысты ескерту және қылмыстық сот төрелігі жөніндегі бөлімнен, Адам құқықтары жөніндегі орталықтан және Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар қорынан.

34. Осы өтінімдерге жауап ретінде тиісті көмек беру мақсатында кеңесі ең аз дегенде жылына бір рет Бас хатшымен шақыртылатын кәмелетке толмағандарға қатысты сот төрелігі саласында техникалық консультация және көмек жөніндегі үйлестіру тобын құру керек. Осы топтың құрамына кәмелетке толмағандарға қатысты сот төрелігі мәселелері жөніндегі халықаралық желілерді және төмендегі 39-тармақта көзделгендей техникалық консультация және көмек берумен айналысатын



академиялық мекемелерді қоса алғанда Біріккен Ұлттар Ұйымының Қылмысты ескерту және қылмыстық сот төрелігі саласындағы бағдарламаларының және басқа да Біріккен Ұлттар Ұйымының тиісті мекемелерінің, сондай-ақ өзге де мүдделі үкіметаралық, өңірлік және үкіметтік емес ұйымдардың желісіне кіретін Қылмысты ескерту және қылмыстық сот төрелігі жөніндегі бөлімнің, Біріккен Ұлттар Ұйымы Жоғары комиссары Адам құқықтары жөніндегі басқармасының/Адам құқықтары жөніндегі орталықтың, Біріккен Ұлттар Ұйымы Балалар қорының, Біріккен Ұлттар Ұйымы Даму бағдарламасының, Бала құқықтары жөніндегі комитеттің, институттардың өкілдері к і р е д і .

35. Үйлестіру тобының бірінші кеңесіне дейін кәмелетке толмағандарға қатысты сот төрелігі саласында халықаралық ынтымақтастықты одан әрі белсендіру проблемаларын шешу стратегиясы әзірленуі керек. Үйлестіру тобы сондай-ақ өз кезегінде қажеттілікті бағалауға және тиісті шаралар қабылдау туралы іс жүзінде негізделген ұсыныстарды әзірлеуге тым стратегиялық тәсілдемені жасауға әкелетін жалпы проблемаларды айқындауға, табысты тәжірибе мысалдарын түйендеуге және жалпы тәжірибе мен қажеттілікті талдауға жәрдемдесуі керек. Мұндай түйендеу жұмысы кәмелетке толмағандарға сот төрелігі саласында мақсатты бағытталған консультациялық қызметтер мен техникалық көмек ұсынуға, оның ішінде мұндай көмекке жүгінетін үкіметпен, сондай-ақ нақты проблемаларды шешуге бағытталған өте тиімді шаралар қабылдауды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін әр мемлекеттік жобаның әртүрлі элементтерін жүзеге асыру үшін мүмкіндігі бар және қажетті құзырына ие басқа да серіктестіктермен жедел келісім жасауға мүмкіндік береді. Мұндай түйендеу жұмысы барлық мүдделі тараптармен тығыз ынтымақтастығын тұрақты кеңейтуі керек. Оның шеңберінде қылмыстық шараларды, сондай-ақ кәмелетке толмағандарға қатысты сот төрелігін іске асыруды жетілдіруге, алдын ала және сотқа дейінгі қорытындыны пайдалануды қысқартуға, балаларға қарауды жақсартуға және қайта бірігу мен қалпына келтірудің тиімді бағдарламаларын құруға бағытталған шараларды қолдану жүйесі шегінде тиісті мәселелерді шығару бағдарламаларды енгізу мүмкіндігі е с е п к е а л ы н а д ы .

36. Бастапқы назар кәмелетке толмағандар арасындағы қылмысты ескерту үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының Жетекшілік принциптерінде (Эр-Риядтық жетекшілік принциптер) ұсынылғандай тегіс қамти алатын ескерту жоспарларын дайындауға бөлінуі керек. Мұндай жобалар шеңберінде негізгі күштерді барлық балалар мен барлық жастарды қоғам өміріне табысты тарту және біріктіру үшін, атап айтқанда отбасы, қауым, құрбы топтар, мектеп, кәсіптік дайындық және еңбек саласы көмегімен стратегияны әзірлеуге бағытталуы керек. Осы жобаларда ерекше көңіл арнайы қорғау шаралары қажет балаларға, мысалы көшеде жұмыс істейтін немесе тұратын балаларға, немесе отбасынан айырылған балаларға, мүгедек-балаларға немесе азушылықтарға немесе көші-қон және тұрғылықты халық топтарына жататын балаларға бөлінуі керек.

Атап айтқанда, мүмкіндігінше, мұндай балаларды жабық мекемелерге тыйым салу керек. Мұндай балалардың қылмыстандыру қауіп-қатерлерін шектеу үшін арнаулы қорғау шаралары әзірлену керек.

37. Мұндай стратегия шеңберінде сондай-ақ қажет болғанда техникалық көмектің тым ұзақ болашаққа есептелген жобаларын әзірлеу мақсатында әртүрлі қатысушы ұйымдар мен мекемелердің қызметкерлерімен жүзеге асырылатын бірлескен миссиялар негізінде Конвенцияға қатысушы мемлекеттерге халықаралық консультациялық қызметтер мен техникалық көмек берудің үйлестірілген процесі де қарастырылады.

38. Ел деңгейінде консультациялық қызметтер мен техникалық көмек бағдарламаларын орындауда Біріккен Ұлттар Ұйымының үйлестіру-резиденттері маңызды рөл ойнайды, және де маңызды қызметтер Біріккен Ұлттар Ұйымы Жоғары комиссары Адам құқықтары жөніндегі басқармасының/Адам құқықтары жөніндегі орталықтың, Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар қоры және Біріккен Ұлттар Ұйымы Даму бағдарламаларының орындарындағы бөлімшелеріне жүктелу керек. Елдер бойынша жоспарлау және бағдарламалау процесінде, оның ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымының ұлттық стратегиялар туралы құжаттарына енгізу жолымен кәмелетке толмағандарға қатысты сот төрелігі саласында техникалық ынтымақтастықтың компоненттерін біріктірудің өмірде маңызды қажеттілігін баса айту керек.

39. Үйлестіру тобының үйлестіру тетігінің мақсаты үшін де Конвенцияны сақтауды жақсарту мақсатында әзірленген өңірлік немесе ұлттық жобалар үшін де ресурстарды жұмылдыру керек. Осы мақсатқа арналған ресурстар (жоғарыдағы 34-38-тармақтарды қараң.) не үнемі бюджеттерден не бюджеттен тыс қаражаттардан бөлінеді. Нақты жобаларды іске асыру үшін қаражаттың ең көп бөлігін сыртқы көздерден жұмылдыру қ а ж е т .

40. Үйлестіру тобы осы саладағы ресурстарды жұмылдыруға қойылған үйлестірілген тәсілдемені жасауға шақырады және осындай тәсілдеменің бастамасы болып шығуға да білдіреді. Ресурстарды жұмылдыру осы саладағы ғалами бағдарламаны жүзеге асыруды қолдауға құрастырған бағдарламалық құжатта бекітілген жалпы стратегия негізінде жүргізілу керек. Осы процеске қатысуға осы салада техникалық ынтымақтастық бойынша қызметтер ұсынуда әлеуетін көрсеткен Біріккен Ұлттар Ұйымы жүйесінің барлық мүдделі органдары мен мекемелерін шақыру керек.

## **Е. Ұлттық жобаларды жүзеге асыру бойынша одан әрі түсініктер**

41. Кәмелетке толмағандардың қылмысын ескерту және кәмелетке толмағандарға қатысты сот төрелігі саласындағы айқын жорамалдардың бірі ұзақ мерзімді өзгерістерге тек «симптомдарды емдеу» жүргізілген жағдайда ғана емес проблемалардың негізінде жатқан проблемаларды жою жөнінде жұмыс жүргізгенде де

қол жеткізуден тұрады. Мысалы, кәмелетке толмағандарды түрмеде қамауда ұстау практикасын тым артығымен кең қолдану проблемасын тергеу, айыптау және сот қаралауының барлық деңгейіндегі ұйымдық және басқару құрылымдары, да әлеуетті жүйесі де сияқты қатысуды болжамдайтын тегіс қамти алатын тәсілдеменің көмегімен тиісті түрде шешуге болады. Бұл, атап айтқанда, полиция және прокуратура қызметкерлері, судьялар мен магистраттар, жергілікті басқару органдары, әкімшілік биліктер, сондай-ақ қамау орталықтарындағы тиісті биліктер арасындағы тұрақты байланысты орнатуды талап етеді. Бұдан басқа, мұндай тәсілдеме тығыз өзара ынтымақтастықты орнату үшін еркіндік пен мүмкіндіктердің болуы қажет.

42. Балалар жасаған істерге байланысты қылмыстық-құқықтық шараларды одан әрі шамадан тыс пайдалану үшін қажет болған жағдайда сот жүйесі шегінде балаларды шығаруға мүмкіндік беретін әлеуметтік қолдауды нығайтуға, сондай-ақ түрме қамауына және қайта бірігу бағдарламаларына байланысты емес шараларды қолдануды жетілдіруге бағытталған бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру үшін күш салу керек. Мұндай бағдарламаларды жасау және іске асыру үшін кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі сот төрелігі секторы, әртүрлі құқық қорғау қызметтері, әлеуметтік қамтамасыз ету органдары және білім секторы арасындағы тығыз ынтымақтастыққа жәрдемдесу қажет.

### **III. ЗАРДАП ШЕГУШІ БАЛАЛАРҒА ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫҢ КУӘСІ БОЛУШЫ БАЛАЛАРҒА ҚАТЫСТЫ ЖОСПАРЛАР**

43. Қылмыстан зардап шегу және билігін асыра пайдалану үшін сот төрелігінің негізгі принциптерінің Декларациясына сәйкес мемлекеттерге зардап шегуші балаларға және қылмыстың куәсі болушы балаларға сот төрелігі мен әділ қарауға, реституция, өтемақы және әлеуметтік көмекке рұқсат беруді қамтамасыз ету үшін шаралар қабылдау керек, жүзеге асырылатын болса, ұқсас шешім баланың ең жақсы мүдделеріне жауап бермегенде сот төрелігінің жүйесі шеңберінен тыс өтемақы арқылы қылмыстық істерді шешуге жол бермеу үшін шаралар қолдану керек.

44. Полиция қызметшілері, адвокаттар, судьялар және басқа да сот қызметкерлері құрбан-балалар болып табылатын істерге қолданылатын тәсілдеме мәселелері бойынша дайындықтан өту керек. Мемлекеттерге егер де әлі жасалмаса, балаларға қатысты құқық бұзушылықтарға байланысты істерді қарау үшін арнаулы бөлімшелер мен топтар құру туралы мәселені зерттеу керек. Мемлекеттерге, егер де қолайлы болса, зардап шегушілері балалар болып табылатын істерді тиісті түрде реттеу бойынша мінез-құлық кодексін қолдану керек.

45. Зардап шегуші балаларға қарау олардың адамгершілігін сезіну және құрметтеу негізінде құрылу керек. Оларға келтірген зиян үшін ұлттық заңнамамен көзделген тәртіпке сәйкес сот төрелігі тетіктеріне және кешіктірмей орнын толтыруға қол жеткізу

46. Зардап шегуші балалардың мүдделері, қорғау, экономикалық көмек, консультация беру, медициналық және әлеуметтік көмектер, дене бітімі және психикалық жай-күйін қалпына келтіру бойынша әлеуметтік реинтеграция өкілі ретінде қажет көмекке рұқсаты болу керек. Мүгедек-балаларға және қандай да бір аурумен зардап шегіп жүрген балаларға әлеуметтік көмек беру керек. Бастапқы назарды ресми құрылымдарды пайдалануға емес отбасы мен қауымға сүйене отырып оң а л т у ғ а б ө л у к е р е к .

47. Қажет жағдайда зардап шегуші балаларға жедел, әділ және қолжетімді болатын ресми және бейресми процедуралар арқылы өтеуді алуға мүмкіндік беретін сот және әкімшілік тетіктерін құру және бекіту керек. Зардап шегуші балаларға және/немесе заңды өкілдерге тиісті ақпарат беру керек.

48. Адам құқықтарын, бірінші кезекте азаптаулар және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер немесе жазалау түрлерін, оның ішінде зорлау және жыныстық сипаттағы зорлау іс-әрекеттерін, заңсыз немесе еркін бас бостандығынан айыру, ақталмаған ұстау және сот қателіктерін бұзған барлық зардап шегуші балалар әділ немесе тиісті өтемақыға рұқсат алу керек. Тиісті сотта немесе өзге де сот органында талаптарды қозғау жөніндегі заңды өкілдің қызметтерін, сондай-ақ қажет болған жағдайда баланың ана тіліне аудару қызметтерін пайдалану мүмкіндіктерін құру керек.

49. Қылмыстың куәсі болушы балаларға сот және әкімшілік процестері кезінде көмек қажет. Мемлекеттерге қажет болған жағдайда балалардың құқықтарын толық көлемде қорғауды қамтамасыз ету үшін қылмыстың куәсі болушы балалардың жағдайын реттейтін дәлелдік және процессуалдық құқықтарының ережелерін шолу, бағалау және жақсарту жүргізу керек. Әртүрлі құқықтық дәстүрлерді, тәжірибе мен заңнамалық шектерді есепке ала отырып мүмкіндігіне қарай, тергеу және қылмыстық қудалау процесінде, сондай-ақ сот тыңдаулары барысында зардап шегуші бала және құқық бұзушы арасындағы тікелей байланысқа жол бермеу. Қажет болған жағдайларда баланың жеке өмірін қорғау үшін бұқаралық ақпарат құралдарына зардап шегуші баланың жеке басы туралы мәліметтерді жариялауға тыйым салу керек. Егер мұндай тыйым салу мүше мемлекеттің негіз болатын заңи принциптеріне қайшы келсе, онда мұндай мәліметтерді жариялау моралды түрде талқылану үшін шаралар қолдану керек.

50. Мемлекеттерге атап айтқанда баланың куәгерлік жауаптарын алу және ресми танылған дәлелдемелер ретінде сотқа бейнепленкаға түсірілген жауаптарын ұсынуға рұқсат беру үшін қылмыстық-процессуалдық кодекстеріне, қажет болған жағдайда, өзгерістер енгізу туралы мәселені құрау керек. Атап айтқанда, полиция және прокуратура қызметшілеріне, судьялар мен магистраттарға бала мүдделерін көп деңгейде есепке алатын әдістерді пайдалану керек, мысалы, полициялық операциялар және куәгер-балалардан жауап алған кезде.

51. Мына төмендегідей әдістер арқылы сот және әкімшілік процестер шеңберінде қылмысқа куәгер болған балалардың қажеттілік есебіне жәрдемдесу керек:

а) зардап шегуші балаларды рөлдері туралы және мәні, талқылау мерзімдері мен барысы істерін қарау туралы, әсіресе қауіпті қылмыстар туралы болған жағдайда а қ п а р а т т а н д ы р у ;

б) жауап беруге шақырғанға дейін балаларды қылмыстық-процессуалдық практикамен таныстыру мақсатында куә болушы балаларды дайындау сұлбаларын әзірлеуге көмектесу. Барлық процес барысында зардап шегуші балаларға және куә болушы балаларға тиісті көмек берілу керек;

с) айыптаушыға зиянсыз және тиісті ұлттық қылмыстық-процессуалдық жүйенің талаптарын есепке ала отырып жеке мүдделері қозғалғанда өндірістің тиісті кезеңдерінде зардап шегуші балалардың пікірлері мен қамқорлығын айту және қарау ү ш і н м ү м к і н д і к т е р к ұ р у ;

д) зардап шегуші балалар мен куә болушы балалардың жеке өмірін қорғауды қамтамасыз ету және қажет болғанда қорқыту және кек қауіпсіздігін қамтамасыз ету кезінде қылмыстық процесте ұстау минимуміне мәлімдемеге бағытталған шаралар қ а б ы л д а у .

52. Шекара арқылы заңсыз әкелген немесе шекарада заңсыз ұсталған балалар шыққан еліне қайтарылу керек. Олардың қауіпсіздігіне лайықты көңіл бөліну керек, оларға адамгершілікпен қарау керек және оларға елдеріне қайтарылғанға дейін қажет көмек беру керек. Мұндай балалардың қайтаруын Баланың құқықтары туралы Конвенцияны сақтау үшін кідірмей жүргізу керек. 1980 жылғы балаларды халықаралық ұрлаудың азаматтық-құқықтық аспектілері туралы Гаагалық конвенция немесе халықаралық жеке құқық жөніндегі Гаагалық конференцияда қабылданған 1993 жылғы балаларды қорғау және халықаралық бала асырап алуға байланысты істерге ынтымақтастық туралы Гаагалық конвенция және халықаралық жеке құқық немесе қолданылған құқықта, тану, ата-аналарының жауапкершілігіне және 1996 жылғы баланы қорғау шараларына байланысты істерді орындауға және ынтымақтастыққа келтіру бойынша қабылданған заң иелігі туралы Конвенция қолданылған жағдайларда баланы қайтаруға қатысты осы қарарлардың ережелері кідірмей қолданылу керек. Балаларды қайтарғаннан кейін елде оларға қарау адам құқықтарының халықаралық принциптеріне сәйкес олардың адамгершілігін құрметтеу негізінде құрылу керек және оларға отбасына сүйене отырып оңалту жөнінде тиісті шаралар ұсынылу керек.

53. Біріккен Ұлттар Ұйымының Қылмысты ескерту және қылмыстық сот төрелігі бағдарламасына, сондай-ақ осы Бағдарламаның желісіне кіретін институттарға, Біріккен Ұлттар Ұйымы Жоғары комиссарының Адам құқықтары жөніндегі басқармасына/ Адам құқықтары жөніндегі орталыққа, Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар қорына, Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасына, Бала құқықтары жөніндегі комитетке, Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Біріккен

Ұлттар Ұйымына, Дүниежүзілік банкке және мүдделі үкіметтік емес ұйымдарға өтінімдері бойынша және жалпы бюджеттен қаражаттандыру шеңберінде немесе бюджеттен тыс қаражаттар есебінен қатысушы мемлекеттерге полиция және прокуратура қызметкерлерін, судьялар мен магистраттарды қоса алғанда, құқық қорғау органдарының және басқа да қылмыстық сот төрелігі органдарының қызметкерлері үшін даярлау, білім және ақпарат саласындағы тәртіпаралық іс-шараларды әзірлеуге көмек көрсету керек.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК